

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті

Патологиялық анатомия кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: “Кардиосклероз”

Орындаған: Алиева Г.Ш 315 топ. ЖМФ
Тексерген: Нығызбаева Р.Ж.

Қарағанды - 2012ж

Жоспар

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

1.1. Кардиосклероз туралы жалпы түсінік;

1.2. Классификациясы;

1.3. Себептері;

III.Қорытынды

IV.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Кардиосклероз(гр. «kardia» - “жүрек”, «sklerosis» - «тығыздалу», синонимі: миокардиосклероз) - миокард тканінің дәнекер тiнiмен бөлiктiк орынбасуы, басқа сөзбен айтқанда,жүрек бұлшықетінде және жүрек клапандарында әр түрлі көлемді тыртықтық тiннiң қалыптасуымен және клапандарының деформациясымен сипатталатын жүрек бұлшықеттерінің патологиясы.

1.1. Кардиосклероз туралы жалпы түсінік


Кардиосклероз жүректің ишемиялық ауруының морфологиялық негізі болып табылады. Оның атеросклероздан дамыған диффузды ұсақошақты түрі және инфарктіден туындаған (постинфарктілік) іріошақты түрі болады. Іріошақты кардиосклероз кейде жүректің созылмалы аневризмасына ұласады. Сонымен қатар, ауыр миокардиодистрофия және кардиосклероз миокардит ақыры кезіндегі миокардиальды талшықтардың өлі аймақтарында қалыптасады. Миокард инфарктісі кезінде, некроз аймағында, жүректің ишемиялық ауруы жағдайындағы миокард гипоксиясы нәтижесінде қалыптасуы мүмкін.

Кардиосклероз миокардит ақыры кезіндегі миокардиальды талшықтардың өлі аймақтарында орын алады, мұнда ол біріншіден, миокардтың компенсаторлы гипертрофиясына, екіншіден салыстырмалы клапандық жеткіліксіздігімен дамыған жүрек дилатациясына алып келеді.

Сонымен қатар, кардиосклероз тәждік тамырларының атеросклерозының, жүректің ишемиялық ауруының, генездің түрлі миокардиттерінің жиі ақыры болып табылады.

Миокардта қабыну процесінің нәтижесінде қалыптасатын кардиосклероздың қалыптасуы әр түрлі жаста байқалуы мүмкін (соның ішінде, балаларда және жасөспірімдерде), ал тамырлық зақымдалу көрінісінде - сәйкесінше, орташа және үлкен жастағы науқастарда байқалады.

1.2. Классификациясы



Кардиосклероз морфологиясына байланысты бөлінеді:

Диффузды кардиосклероз - миокард бойымен дәнекер тіндік элементтердің біркелкі орналасуымен сипатталады.

Диффузды кардиосклероз жүрек бұлшықетінің біркелкі зақымдалуы кезінде қалыптасады.

Ошақты (тыртықтық) кардиосклероз - көлемі бойынша әр түрлі және бөлек аймақтарда тыртықтық тіндердің қалыптасуы. Ошақты кардиосклероз жиі түрде миокард инфартісінің ақыры ретінде, және қабыну процесінің салдарынан да қалыптасуы мүмкін.

а)



а) ДИФФУЗДЫ КАРДИОСКЛЕРОЗ
КАРДИОСКЛЕРОЗ

б)



Б) ОШАҚТЫ
КАРДИОСКЛЕРОЗ

даму себептеріне
байланысты
кардиосклероз:

Атеросклероздық
кардиосклероз

Миокардиттік
кардиосклероз

Сонымен қатар, даму себептеріне байланысты, кардиосклероз:

- атеросклероздық кардиосклероз
- миокардиттік кардиосклероз деп екіге бөлінеді.

Атеросклероздық кардиосклероз жүректі қанмен қамтамасыз ететін артериялардың атеросклерозына негізделген. Миокард инфарктісінің ақыры тыртықтардың қалыптасуымен аяқталатыны белгілі, соның нәтижесінде кардиосклероз туындайды.

Миокардиттік кардиосклероз жүрек бұлшықетінде қабыну процестерінің қалыптасуының нәтижесінде қалыптасады. Кардиосклерозбен ауыратын науқастарда, жұмысқа қабілеттерінің төмендеуі, ендігудің қалыптасуымен(аурудың бастапқы сатыларында тек физикалық жүктемеден кейін ғана, ал аурудың соңғы ауыр сатыларында, ендігу жүрген кезде байқалады) сипатталады.



Тума кардиосклероз

Шашыранды ошақты кардиосклероз

Аралас кардиосклероз

Атеросклероздық кардиосклероз

Кіші ошақты кардиосклероз

Постинфаркті кардиосклероз

Гипоксиялық кардиосклероз

Ірі ошақты кардиосклероз

Постнекроздық кардиосклероз

Интерстициальды кардиосклероз

Ишемиялық кардиосклероз

Кардиосклероздың келесі классификациясы ажыратылады:

1. **Атеросклероздық кардиосклероз** (с. atherosclerotica) — жүрек артерияларының атеросклерозы нәтижесінде дамидын кардиосклероз;
2. **Тума кардиосклероз** (с. congenita);
3. **Гипоксиялық кардиосклероз** (с. hypoxica) — циркуляторлы гипоксияның салдарынан дамыған кардиосклероз;
4. **Интерстициалды кардиосклероз** (с. interstitialis) — миокардтың бұлшықетаралық қабаттарында орналасатын кардиосклероз;
5. **Ишемиялық кардиосклероз** (с. ischaemica) — миокард гипоксиясымен сипатталған, баяу дамидын диффузды кардиосклероз;
6. **Ірі ошақты кардиосклероз** (с. macrofocalis) — тыртықтық тіндерде ірі ошақтардың қалыптасуымен сипатталады, жиі түрде постнекроттық болып келеді.

7. **Кіші ошақты кардиосклероз** (с. microfocalis) — тыртықтық тіннің кішігірім ошақтардың қалыптасуымен сипатталады;
8. **Шашыранды ошақты кардиосклероз** (с. focalis disseminata) — миокардтың әр түрлі аймақтарында дәнекер тіннің көптеген ошақтардың болуымен сипатталады;
9. **Аралас кардиосклероз** — дәнекер тіннің баяу дамидын диффузды өсуі көрінісінде, және сол уақытта фиброздың ірі постинфаркттік ошақтардың бір уақытта пайда болуымен сипатталады;
10. **Постинфарктті кардиосклероз** (с. postinfarctum);
11. **Постнекроттық кардиосклероз** (с. postnecrotica) — миокард инфарктісі ақырында дамидын ірі және кіші ошақты кардиосклероз болып табылады.



Ірі ошақты постинфаркті
кардиосклероз




Ірі ошақты
кардиосклероз

1.3. Себептері

Кардиосклероз дамуына әкелетін себептер:

- Тәждік артерияларының атеросклерозы;
- Ревматизм;
- Миокардиттер;
- Миокард инфарктісі;
- Жүрек жарақаттары;
- Миокард гипертрофиясы.





Жүрек бұлшықетіндегі тамырлардың тарылуы

Қорытынды

- Қазіргі кезде жүрек қан - тамыр аурулары бірінші орында. Жүрек ауруларымен ауыратын науқастардың саны жылдан жылға өсіп келе жатыр.
- Жүрек ақауларына әкелетін себептер түрлі болуы мүмкін. Сондықтан әрбір дәрігер жүрек ауруларының этиологиясын, патогенезін және ақырын білуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Малая медицинская энциклопедия. — М.: Медицинская энциклопедия. 1991—96 гг. ;*
2. *Патологиялық анатомия. А.И.Струков, В:В.Серов, Ақтөбе 2009ж;*
3. *Первая медицинская помощь. — М.: Большая Российская Энциклопедия. 2000 г.*



Назар қойып тыңдағандарыңыз үшін рахмет!